

**ФОНД ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН –  
ЛИДЕРА НАЦИИ**

**СОВЕТ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ**



**ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ И ВОСТРЕБОВАННОСТЬ  
НАУКИ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ**

**VIII Международная научная конференция**

**Сборник статей**

**(часть 5)**

**Общественно-гуманитарные науки**

**Алматы  
Раритет  
2014**

УДК 001 (063)  
ББК 72  
И 66

**ОТВЕТСТВЕННЫЕ РЕДАКТОРЫ:**

**АБДИРАЙЫМОВА Г.С.** – Председатель Координационного отдела молодежи в научной и образовательной сфере при Президенте Республики Казахстан, доктор социологических наук, заведующая кафедрой социологии и социальной работы КазНУ им. аль-Фараби

**АМИТОВ С.А.** – кандидат социологических наук, доцент социологии и социальной работы КазНУ им. аль-Фараби

И 66

**Иновационное развитие и востребованность науки и образования в Казахстане: Сб. статей Межд. Науч. Конф. (г. Алматы, 27-28 ноября 2014 г.).** – Алматы, 2014. – в 5-и томах – Каз., рус., англ.  
ISBN 978-601-250-239-8

Ч. 5: Общественно-гуманитарные науки. – 244 с.  
ISBN 978-601-250-244-8

В настоящий сборник вошли материалы VIII Международной конференции «Иновационное развитие и востребованность науки и образования в Казахстане» (г. Алматы, 27-28 ноября 2014 года)

Материалы предназначены для молодых ученых, исследователей, преподавателей, студентов, магистрантов, докторантов, интересующихся проблемами современного общества.

ISBN 978-601-250-244-8  
ISBN 978-601-250-239-8

© «Фонд Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы Нурсултана Назарбаева»  
© Издательская компания «Гарус»

## СОДЕРЖАНИЕ

№	Название статьи	Стр
1.	Абдиханова А.А. Конформизм как социально психологическое понятие	7
2.	Абдиханарова Г.А., Сыргакбаева А.С. Мораль - адамгершілік тәрбиесінің күретаыры	11
3.	Әбілқасымова Х.Ә., Әбдірайымова Г.С. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзіндік айқындалуы	16
4.	Айдарбекова А.С., Амитов С.А. Этникалық топтардағы жасөспірімдердің қазіргі қоғамға әлеуметтік бейімделуіне әсер ететін факторлар	22
5.	Авсыдықова Қ. Ә., Сарыбаева И.С. Қазақстандағы оралман студенттер: көші-қон және әлеуметтік ортаға бейімделу мәселелері	26
6.	Айтжанова Қ., Амиркулова Ж.А. Қазақстан қоғамында консолидациялаудағы ұлттық идея	34
7.	Алимбаева А., Булатбаева А.А. Жасөспірімдердің интернетке тәуелділігінің қарым-қатынасқа әсерін	38
8.	Алтайбаева А.Н., Джаамбаева Б.А. Қазіргі білім беру жүйесі: философиялық талдау	43
9.	Арипбай Н.А., Әбдікерова Г.О. Қазақстан қоғамындағы мигранттардың әлеуметтік мәселелерінің алдын алу жолдары	47
10.	Әгібаева А., Наурызбаева А. Қазақстандағы еңбек миграциясының жағдайы	51
11.	Аязбаева А.Т. Формирование коммуникативной компетентности студентов мигрантов	55
12.	Байгереева Ә.С., Шеденова Н.У. Қазіргі қазақстандағы қоғамдық ұйымдардың ролі	57
13.	Баймолдина Л.О. Мигранттардың коммуникациялық, әлеуметтік-психологиялық өзара әрекеттесуі және аккультурациясының негізгі факторлары	62
14.	Бурханова Д.К. Стиль жизни казахстанского среднего класса	69
15.	Джалмагамбетова С.М. XX ғасырдағы саяси және құқықтық ілімдердің ерекшеліктері	75
16.	Ескендиоров Ж.А., Любаев А.В. Бытие человека как исходное основание понимания процесса глобализации	79
17.	Жалғасұлы А. Алматы қаласындағы заңсыз мигранттардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы	83
18.	Жұмадилова А., Тоқсанбаева Н.Қ. Отбасындағы тәрбиенің мінез-құлық акцентуациясына әсері	88
19.	Жусунова А., Жаназарова З.Ж. Мигрант отбасылар және олардың балаларымен әлеуметтік бейімделу жұмысын ұйымдастыру	92
20.	Қазбекова А., Кенжакимова Г.А. Сравнительный анализ программ профилактики наркомании	98

который достиг высокого уровня профессионализма. Не смотря на это, он должен обладать возможностью профессионально развиваться и совершенствоваться. Поэтому необходимо формировать у студентов основополагающие фундаментальные знания, способствующие в будущем достижению более высокого уровня профессиональной компетентности[3].

Подводя итоги, коммуникативная компетентность это — социально приемлемые и социально востребованные качества. То есть, не только сам человек-мигрант,обладающий этими качествами, будет успешно действовать в новом месте, но и их наличие у мигрантов позволяет успешно и бескризисно развиваться мегаполису.

#### Список использованной литературы:

- Габеев В.Е. Формирование у студентов коммуникативной компетенции на основе межпредметных связей дисс. на соис.уч.степ.канд.пед.наук. Алматы, 2009.
- А.Т. Каббасова «Компетентностный подход к модернизации профессионального образования» М.,2005.
- У.И.Д. Шадрикова Модель специалиста и высшее профессиональное образование М., 2001.

*эл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультеті Әлеуметтану және әлеуметтік жумыс кафедрасының 1 курс магистранты Байгереева Ә.С. ғылыми жетекшіі соц.ғ.д., профессор Шеденова Н.У.*

### ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ РӨЛІ

Қазақстанда үкіметтік емес ұйымдар егемендік алған жылдардан бастап азаматтық қоғамның ажырамас бір бөлігіне айналды. Билік пен қоғамдық ұйымдардың арасындағы байланыс нығайып, конструктивті әріптестікке көшті. Осы екеуінің арасындағы көпірдің жалғасуына мемлекет басшысының бас тамасымен болып өткен Азаматтық форум үлкен серпіліс бергені мәлім.

Жалпы қазіргі дамыған қоғамдарда үш сектор қатар өмір сүруде. Олар мемлекеттік, мемлекеттік емес және жеке сектор, яғни кәсіпкерлік секторы болып бөлінеді.

Мемлекеттің міндеті – ережелер қалыптастыру және оларды заңның күшімен әрекетке енгізу. Бизнестің міндеті – ақша табу. Әлеуметтік сектор ұйымдарының міндеті - азаматтардың аман-саулығына жағдай жасау, көптеген әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысу [1].

Ал, «үшінші сектор» төрт бөліктен құралады: үкіметтік емес ұйымдар, саяси партиялар, кәсіби одақтар, діни ұйымдар.

Осылардың ішінде халықты әлеуметтік қорғау субъектісі, бірінші кезекте мемлекет болып табылады. Сонымен қатар, халықты әлеуметтік қорғауда ҰЕҰ-дың да өзіндік орны бар екені анық.

«Үкіметтік емес ұйымдар» (ҰЕҰ) атауы ағылшын тіліндегі "non-governmental organizations" (NGO), яғни, құрылуына мемлекет

қатыспайтын және қоғамның әлеуметтік мәні бар міндеттерін орындайтын ұйымдар деген сөзден пайда болған [2].

Біріккен Ұлттар Ұйымының берген анықтамасына сәйкес, ұйымдар мен ұйымдар аса маңызды екі міндетті атқарады. Олардың бірі қоғамның әлеуметтік проблемаларын шешуге жәрдемдесу, екіншісі қоғамның шешудегі азаматтардың белсенділігін арттыру. Бұл міндеттер қоғамның бастамалар мен азаматтық белсенділікті жүзеге асыруға қызмет етеді [4].

Қазіргі жаһандану жағдайында Қазақстанда өзекті мәселерден болып отырған азаматтық қоғамның болашағы. Азаматтық қоғамның тұлғалардың белсенді әрі саналы іс-әрекеттерінің негізінде құрылуы қоғамның түрі. Үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктері азаматтық қоғамның дамуында басты рөл атқарады. Мұндай инициативалар азаматтық қоғамды дамытуға күш салып отырған өркениетті елдерінің атрибуттары десек те болады.

Қоғамда ҮЕҰ қызметінің бағыттары бойынша былай болса:

- 1) Белгілі бір әлеуметтік бағыттар бойынша ҮЕҰ;
- 2) Құқық қорғау сипатындағы, сондай-ақ құрамына атқарушы органдардың қызметін бақылау енетін азаматтық бақылау топтарының ҮЕҰ;
- 3) «клубтық типті» ҮЕҰ қызығушылықтары бойынша әр түрлі топтар;
- 4) Миссиясы басқа коммерциялық емес қызметіне кепілдік бермеген, көмектесу болып табылатын «инфрақұрылымдық ҮЕҰ», ҮЕҰ-ды күккіммен қамтамасыз етуге маманданатын ұйымдар, зерттеу және білім беру қызметін атқаратын ұйымдар, шетелдік қорлардың мақсаттық келісіміне негізінде пайда болған ҮЕҰ-ға көмек көрсету органдары;
- 5) Өз алдына аймақта азаматтық қоғам құруға көмектесу мақсатын қоятын немесе қоғам мен биліктің серіктестік қатынастарына көмектесетін азаматтық инициативалар ұйымы [4].

Азаматтық қоғам – кез келген өркениетті елге тән құрылым. Демократиялық көріністің алғышарттарының бірі әрі үнісісіз жүріп жатқан үдеріс ретінде мемлекеттің қалыптасуына ықпалы зор. Өйткені, оның негізінде мемлекеттің барлық субъектілерінің бір ізді экономикалық, саяси, құқықтық-мәдени қарым-қатынасына байланысты екені айтқанда түсінікті. Қазақстан тәуелсіздік алған күннен бастап мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы әріптестік байланыстың дұрыс түзілуіне, өзара сенімділіктің орнатылуына айрықша мән берді. Жан-жақты қолдау көрсетті. Бұл бағыттағы жаңалар үрдістері кезең-кезеңмен атқарылып, азаматтық қоғам институттарының сапалы жаңа деңгейге көтерілуіне айтарлықтай ықпал етті. Азаматтық қоғам институттарының ішінде үкіметтік емес ұйымдар өте зор орын алады.

ҮЕҰ-дар – бұл кәсіби ерекшелікпен шектелмеген және мемлекеттен билікке талпынбайтын ашық коммерциялық емес ұйымдар. ҮЕҰ өз алдынша өз қызметінде басшылыққа алатын нақты, қоғамдық мәні мақсаттар мен міндеттер қояды. Тұтасымен алғанда олардың қызметі мақсатты түрмен сипатталады [5].

1999 жылы Стамбул қаласында ЕҚЫҰ саммитінде, қатысушы мемлекет басшылары (оның ішінде Қазақстан да бар) Еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына қол қойды, онда: «Үкіметтік емес ұйымдар адам құқығын қорғауда, демократия мен заңның басшылық етуіне жәрдемдесуде өте маңызды рөл ойнайды. Олар мықты азаматтық қоғамның бөлінбес құрамы ретінде саналады», деп айтылған. Яғни, Қазақстанда азаматтық қоғам құруға негізгі үрдісті «үшінші сектордың» дамуы үшін барлық жағдайды жасау қажеттігін мойындады.

Бірақ елімізде сан-салада жұмыс істейтін тұрлаулы ҰЕҰ-лар оар. Мысалы: олардың әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, экология, жастар қорғау, мәдениет, ғылым, білім, гендерлік саясат салаларындағы белсенділігі жоғары.

Республикалық және өңірлік атқарушы билік органдары бағдарламалық шараларды дайындауға, бірлескен семинарлар өткізуге, басқа да шараларды ұйымдастыруға мамандарын тарта отырып, ҰЕҰ-мен әріптестік нығайту мақсатына орнатуды басты мақсат санайды. [6].

Бір түрлі бағытта ҰЕҰ тұрақты топтары бар. Олардың пайыздық таратылуы мынадай: экологиялық - 15%, балалар мен жастар - 13,6%, әйелдер - 13,3%; медициналық - 13,1%; мәдениет, өнер, ғылым, білім салаларында - 12,5%; құқық қорғаушылық - 7,6%; әлеуметтік қорғау бойынша - 4,8% жұмыс атқарады. Толық мәліметті 5 кестеден білуге болады [7].

Үкіметтік емес ұйымдардың қоғамның әлеуметтік маңызды түйткілді мәселелерін шешудегі ролін күшейтудің бірден бір негізгі құжат болып Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 12 сәуірдегі «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» Заңы болып саналады.

Көптеген халықаралық және шет елдік ұйымдар өз күштерін біздің еліміздің тұрақты дамуына бағыттай отырып, Қазақстанда өте нәтижелі жұмыс істеп жатыр. Олар үкіметтік деңгейде де, сондай-ақ азаматтық мекемелермен де өзара әрекеттеседі. Халықаралық және шет елдік ұйымдар үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтаса отырып, олармен әріптестік негізінде бірлескен жобаларды жүзеге асырады, үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері мен белсенді қызметкерлерін оқытуды ұйымдастырады, ұйымдық көмек және гранттар түрінде қаржылық көмек көрсетеді.

ПРООН, Еуропалық Комиссия, ТАСИС, ЕҚЫҰ, ЮСЛИД, ЮНИСЕФ ұйымдарының, «Еуразия», «Каунтерпарт Консорциум», «Копи-коп жөйіндеті» халықаралық ұйым, «Британиялық Кеңес», «Сорос-Қазақстан» қорларының, сондай-ақ Дүниежүзілік банк, Еуропа қайта құру және даму банкі, Азия даму банкі, Ислам банкі және тағы басқалар сияқты халықаралық қаржы мекемелерінің қызметі қоғамда үлкен беделге ие.

Қызмет кезеңі ішінде халықаралық және шет елдік ұйымдар үкіметтік емес ұйымдар арқылы адам құқығын қорғау, заңнама қабылдауға ықпал жасау, әл-ауқаты төмен адамдарға құқықтық көмек көрсету, әділсотқа жетуді қамтамасыз ету, әділсот органдарының, сот, абақты, жүйесінің жұмысын жақсарту сияқты қызмет баағыттары бойынша жобалар мен

бағдарламаларды; халықаралық деңгейде оқушылар алмасу жүргізу бойынша білім беру бағдарламаларын, түрлі халықаралық тренингтер, семинарлар, білім беру жүйесіне жаңа курстар, сондай-ақ адам құқығы, тұтынушы құқығы, экология, бизнес, мүгедектер және іскерлердің құқығы қорғау бойынша курстар енгізуді; Арабпен Каспий аймағындағы жұмыс, құрғақшылыққа қарсы күрес, су айыны қауіпін азайту, қаншаларды тазарту, айрықша қорғалатын табиғи аймақтар мен қоршаған орта қорғау мен қолдау, сақтау; СПИД-ке, есірткі құмарлыққа, мақсұммен қарсы күрес жүргізу, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу, әйелдердің, тұтынушылардың құқығын қорғау, ғылыми бағдарламаларды қорғау, бизнесті қамқандық қолдау, халықаралық байланыстар орнату, денсаулық сақтау саласындағы реформаларды қолдау, соның ішінде туберкулезге қарсы күрес жүргізу, ауылға қолдау көрсету, аграрлық секторға несиесі беру жүйесін дамыту т.б. бойынша бағдарламаларды іске асырды [8].

Ең басты қозғалыстардың бірі Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай халықаралық қозғалысы. Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай халықаралық қозғалысы өз күшін халықаралық қақтығыстар немесе елдегі ішкі төтенше жағдайлармен қарулы қақтығыстар құрбандарын қорғауды қамтамасыз етуге және оларға көмек беруге бағыттай отыра Жер бетінде бейбітшілік болмаған жағдай жасайтын халықаралық ізгілікті қозғалыс. Бұл қозғалыс 1863 жылы құрылған. Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай халықаралық қозғалысы Женев конвенциясына қатысушы мемлекеттерге көмек көрсету және халықаралық гуманитарлық көмек жағдайларын әрбір елдің ұлттық заңдарымен үйлестіру және халықаралық гуманитарлық құқық туралы білімді тарату шараларын ұйымдастырады. Қарулы қақтығыстар кезінде бейтараптық танытып, қарсылаас жақтарға тек гуманитарлық, медициналық көмек көрсетеді. Штаб-пәтері Женев қаласында орналасқан, оған әлемнің 74 елі мүше, дүниежүзінің 50-ден астам елінде өкілдіктері бар. Қызыл крест және Қызыл Жарты Ай халықаралық қозғалысының конференциясы 4 жылда бір рет шақырылады. ҚР-ның қызыл жарты ай қоғамының тарихы КСРО қызыл крест және қызыл жарты ай қоғамы одағынан басталады. 1992 жылы Президент жарлығында осы ұйымның қаржылық жеңілдіктері, салықпен мүмкіндіктері, осы ұйымға әлемдік көмек көрсету ұсыныстары қарастырылады. Қазір бұл ұйым ҚР қызыл жарты ай қоғамы деп аталады. Бұл қоғамдық ұйымның жұмысы ҚР «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңымен реттеледі. Бұл тізімге қайырымдылық ұйымдар, спорттық, діни бірлестіктер және саяси партиялар кіреді. Жалғыз ҚР Қызыл Жарты Ай қоғамдық ұйымы ғана халықаралық заң негізінде Женев конвенциясына қосылған ұйым болып табылады. Бұл еліміздегі Үкіметке қатысты қарулы қақтығыстар мен төтенше жағдайларда көмекші қызмет атқаратын жалғыз ғана қоғамдық бірлестік болып табылады. Қоғамдық бірлестік сыртқы істер, төтенше жағдай, денсаулық сақтау, білім және ғылым министрлігімен белсенді түрде әрекет етеді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бұл ұйым елімізге гуманитарлық көмек алып келген бірден бір ұйым. Тағы бір мысал, Жамбыл

төтенше жағдайдағы жерсілкіністен кейін мындаған адам баспанасыз қалған елі, сол үшін ҚР төтенше жағдайлар министрлігімен бірге көмекке келді. ҚР ҚЖАБ (Қазақстан Жарты ай бірлестігі) аймақтық белгілері бойынша Еуропалық парламентті Халықаралық федерациясының Қызыл Крест және Қызыл Жарты ай бірлестігіне жатады. Негізгі әлемдік донорлар ретінде 22 еуропалық мемлекеттер, АҚШ және Жапония болып табылады. Төтенше жағдай туындаған жағдайда бұл ұйым халықаралық федерацияға хабарласа, федерациянің ішінде қаржылық көмек көрсете алады. Халықаралық федерацияның стратегиясы негізінде Еуропа, Орталық Азия елдерінің қатарына ҚР Қызыл Жарты ай ұйымының стратегиясы жасалынады. Бұл аймақтық ұйымхалықаралық аренадағы іс-әрекеті ҚР Сыртқы істер министрлігімен тығыз жұмыс істейді [9]. Осылайша, 1992 жылы 17 сәуірде ҚР Президентінің жарлығымен «Қазақстандық Қызыл крест және қызыл жарты ай қоғамы» жетекшілік етіп, ҚР Әділет министрлігінде ең бірінші іріктелген қоғамдық бірлестік болып табылады. Қазақстан Республикасының Ұлттық Қызыл Жарты Ай қоғамы 2002 жылы құрылды. Қазақстан Республикасының Ұлттық Қызыл Жарты Ай қоғамы — Қызыл крест және қызыл жарты ай халықаралық қозғалысының гуманизм, бауырмалдық және ақысыз қолдау идеялары мен принциптерін Қазақстан қоғамында орнықтыруға күш жинаған игілікті қоғам [10]. Сөйтіп, елдегі азаматтық қоғам институттары — саяси партиялар, коммерциялық бағыт ұстанбайтын үкіметтік емес ұйымдар, қосалмақтар, ұлттық-мәдени бірлестіктер, тұтастай алғанда мемлекеттік емес институтты білдіретін басқа да институттар қалыптасып, қазіргі уақытта елімізде тез дами бастады. Солардың бірі ҚР Қызыл Жарты Ай ұйымы — еліміздегі гуманитарлық салада көмекші рөл атқаратын мемлекеттегі жетекші қоғамдық ұйым. Ол төтенше жағдайда, халықтың денсаулығын қамқартуда, халықаралық гуманитарлық құқық туралы білімді тарату, мигранттар мен босқындарға көмек көрсетуде, отбасылық байланыстарды нығайтуда, жастар бағдарламасы, гуманитарлық құндылықтарды таратуда және т.б. салаларда белсенді жұмыс атқарып, халық игілігіне жұмыс істеуде. Аталатын жұмыстардың нәтижесінде халықтың әл-ауқаты артып, әлемнің елдермен тереземіз тең болатыны сөзсіз.

#### Найдаланған әдебиеттер:

1. Шенданов А. Ж., Морозов А. А. Потенциал институтов гражданского общества в обеспечении социальной стабильности в Казахстане // Аналитик. - 2003. - №5. - 37-43 б.
2. Азаматтық қоғам деген не? «Жаңғыру» қоғамдық қоры. - Алматы, - 2010, - 117 б.
3. Амбаева Ж. Қ. Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдары қызметіндегі халықтың әлеуметтік қорғау функциясы. - Алматы, - 2008. - 155 б.
4. Аналитический обзор, посвященный развитию некоммерческого сектора в Республике Казахстан // [www.idc.nursat.kz](http://www.idc.nursat.kz)
5. Шенданов А. Ж., Умбеталиева Г. Б. Роль гражданского общества и его институтов в обеспечении социальной напряженности в условиях современности // Analytik - 2004. - №4. - 18 б.
6. Егемен Қазақстан. - 2012 жыл. - 25 қаңтар. - №33/36.
7. Айкөп газеті. - 2011 жыл, - 12 желтоқсан. - №225.